

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 3 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 ақпанда № 13121 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАУЫСЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.09.2024 № 134/ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары бекітілсін

2. "Білім алушыларды Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының жоғары арнаулы (әскери) оқу орындарына ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2014 жылғы 2 шілдедегі № 218 бүйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9688 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 29 тамызда жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Кадрлар департаменті:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары М.Ә. Қалқабаевқа жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

Төрағасы

В. Жұмақанов

Ұлттық қауіпсіздік
комитеті Төрағасының
2016 жылғы 13 қантардағы
№ 3 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары

Ескеरту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.09.2024 № 134/ҚЕ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына (бұдан әрі – ҰҚО ӘАОО) ауыстыру және қайта қабылдау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қайта қабылдау – ҰҚО ӘАОО-дан бұрын оқудан шығарылған адамның қайта қабылдануын анықтайтын іс-қимыл;

2) ауысу – Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының және ҚР ӘАОО білім алушыларының ҰҚО ӘАОО-ға ауысуы;

3) пререквизиттер (Prerequisite) – оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, шеберліктер мен дағдыларды қамтитын пәндер тізбесі;

4) транскрипт (Transcript) – кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде игерілген пәндер тізбесі және (немесе) модульдер, оқу жұмысының басқа түрлерін қамтитын құжат;

5) академиялық айырмашылықтар – зерделенген пәндердің тізбесі және (немесе) модульдер, білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін транскрипт көшірмесінде (анықтамада) көрсетілген олардың бағдарламалары мен академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемі негізінде ӘАОО анықтайтын оқу жоспарларының пәндеріндегі айырмашылық.

2-тарау. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына ауыстыру тәртібі

3. Қазақстан Республикасы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан (бұдан әрі – ҚР ЖЖОКБҰ), оның ішінде әскери, арнаулы оқу

орындарынан ұқсас білім беру бағдарламасы бойынша ҰҚО ӘАОО-ға аудыстыру каникул кезеңінде оқу жылының нәтижелері мен жинаған аудыстыру баллы ескеріле отырып, егер бакалавриат үшін жұмыс оқу жоспарындағы міндепті компоненттің оқу пәні және (немесе) модулінің айырмашылығы төрттен аспаса, тиісті курста бос орын болған жағдайда жүзеге асырылады.

Егер бакалавриат үшін оқу жұмыс жоспарларындағы айырмашылық міндепті компоненттің төрт оқу пәнінен және (немесе) модульдерінен және ЖОО-ны компонентінің бес пәнінен және (немесе) модульдерінен аспайтын болса, ҰҚО ӘАОО-ның ішінде білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне оқу жылының нәтижелерін және алынған аударым баллын ескере отырып, тиісті курста бос орындар болған жағдайда (бітіру курсының соңғы академиялық кезеңін қоспағанда) келесі академиялық кезең басталғанға дейін аудыстырады.

ҰҚО ӘАОО-да оқу мерзімі қысқартылған жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша (жоғары білімнің негізінде) даярлау лектерінде аудыстыру жүзеге асырылмайды.

4. ҚР ЖЖОКБҰ және ҚР ӘАОО-дан ҰҚО ӘАОО-ға аудису кезінде олардың өткен академиялық уақыт аралығында менгерген жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі және (немесе) модульдеріндегі академиялық айырмашылық анықталады.

Пәндердің айырмашылығын анықтау кезінде қорытынды бақылау нысандарындағы айырмашылық есептелмейді.

5. Жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі және (немесе) модульдеріндегі академиялық айырмашылықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік ұлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік ұлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын әзірлеу және бекіту туралы" 2023 жылғы 10 ақпанды № 47 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31894 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бүйрығымен белгіленген нысан бойынша білімін аяқтамаған адамдарға берілетін, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының басшысы қол қойған және мөрмен бекітілген танскрипте (анықтамада) көрсетілген зерделенген пәндер тізбесі, олардың бағдарламалары және академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемдерінің негізінде ҰҚО ӘАОО анықтайды.

Оқу пәнінің мазмұны мен көлеміне сәйкес келген жағдайда басқа оқу пәнімен немесе мазмұны бойынша сабактас оқу пәндерінің блогымен пререквизит ретінде айқындалған оқу пәнін қайта тапсыруға жол беріледі.

6. Менгерілген пререквизиттерге сәйкес ҰҚО ӘАОО білім беру курсын анықтайды және оқу бағдарламаларына сәйкес менгерген кредиттерді қайта тапсыруды өткізеді.

Жұмыс оқу жоспарының пәндеріндегі және (немесе) модульдеріндегі академиялық айырмашылықты жою ҰҚО ӘАОО оқу-әдістемелік бөлімшесі дайындастын және ҰҚО ӘАОО бастығының оқу-әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін орынбасары бекітетін жеке жоспар бойынша ағымдағы академиялық кезеңде жүзеге асырылады.

7. Жұмыс оқу жоспарының пәндеріндегі және (немесе) модульдеріндегі жеке жоспарда белгіленген мерзімде жойылмаған академиялық айырмашылық одан әрі академиялық қарыз болып есептеледі. Пән бойынша академиялық айырмашылықты жою кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда қарыз келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін жойылады.

8. ҰҚО ӘАОО-ға аудисуға ниет білдірген ҚР ЖОО-да білім алатын адамдар (бұдан әрі – окуға кандидаттар) аудистыру жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бөлімшелері және органдары (бұдан әрі – ҰҚҚ бөлімшелері) арқылы ҰҚО ӘАОО бастығының атына білім алу тілін көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді.

Өтінішке:

1) жеке басын куәландыратын құжат (нотариалды куәландырылған көшірме);
2) алдыңғы білім деңгейін растайтын құжаттар (орта білімі туралы атtestat немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы диплом);

3) оқу, оқу-әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін ҚР ЖЖОКБҰ және (немесе) ҚР ӘАОО бастығының орынбасары және ҚР ЖОО оқу-әдістемелік бөлімшесінің қызметкери қол қойған, елтаңбалық мөрмен мөрленген транскрипт көшірмесі;

4) Ұлттық бірыңғай тестілеуді немесе кешенді тестілеуді тапсыру туралы сертификат (көшірме);

5) алты фотосурет (бас киімсіз, көлемі 4,5 x 6 см);

6) тіркеу куәлігі (көшірме);

7) өміrbаян мен сауалнама (түпнұсқа) қоса беріледі.

Басқа білім беру бағдарламасына немесе ҰҚО ӘАОО аудисуға ниет білдірген ҰҚО ӘАОО оқитын адамдар аудису жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін ҰҚО ӘАОО бастығының атына оқу тілін көрсете отырып, еркін нысанда баянат береді.

Басқа ҰҚО ӘАОО-ға аудисқан жағдайда баянат осы ҰҚО ӘАОО бастығымен қосымша келісіледі.

9. ҰҚО ӘАОО тиісті курсында бос орын болған жағдайда бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардағы қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудистыру мүмкіндігі туралы

қорытындыны (бұдан әрі – қорытынды) ҚР ЖЖОКБҰ және ҚР ӘАОО үшін дайындауды.

10. ҰҚҚ бөлімшелерінің кадр қызметі "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 7 және 10-баптарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып:

қызметке жарамдылығын анықтау үшін кандидаттарды оқуға арнайы тексеру, ҰҚҚ бөлімшелерінің әскери-дәрігерлік комиссияларында психофизиологиялық және медициналық қуәландаудыру, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеулер бойынша іс-шаралар өткізеді;

ҰҚО ӘАОО-ға оқуға кандидаттардың қалыптасқан жеке істерін ауысатын жылдың 20 мамырына дейін жібереді.

11. ҰҚО ӘАОО ауысу жылының 10 маусымына дейін ҰҚҚ бөлімшелерінің кадр қызметі арқылы оқуға кандидаттарды ауысу жөніндегі іс-шаралардың өткізілу мерзімі туралы хабардар етеді.

12. Кандидаттарды курсанттар құрамына оқуға қабылдау ҰҚО ӘАОО бастығының бүйрығымен ресімделеді.

3-тaraу. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына қайта қабылдау тәртібі

13. ҰҚО ӘАОО-дан шығарылған адам Заңмен регламенттелген әскери, арнаулы оқу орына оқуға қабылдау шарттарымен анықталған жас ерекшеліктері шектеулерін ескере отырып, еркін нысанда өтініш берген кезде және қайта қабылдау рәсімдерінен табысты өткенде қайта қабылданады.

14. ҰҚО ӘАОО-дан тәмен үлгерімі немесе теріс себептер бойынша бұрын оқудан шығарылған адамдар ҰҚО ӘАОО-ға қайта қабылдауға жатпайды.

15. Қайта қабылдау туралы өтініш ҰҚО ӘАОО бастығының атына кезекті академиялық кезеңінің басталуына дейін үш айдан кешіктірілмей оқуды жалғастыру ниетін білдіре отырып, беріледі. Қайта қабылдау туралы өтінішке транскрипт қоса беріледі.

16. Білім алушы жұмыс оқу жоспарына сәйкес бірінші академиялық кезеңді бітірген жағдайда, сондай-ақ егер бакалавриат үшін жұмыс оқу жоспарындағы айырмашылық бестен көп емес оқу пәнін құраса, ЖОО кадр бөлімшесі екі жұмыс күні ішінде Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес тексеру іс-шараларын жүргізуі бастайды.

17. Тексеру іс-шаралары дұрыс өткен кезде тексеру аяқталған күннен бастап екі апталық мерзімде оқу-әдістемелік бөлімшесі ҰҚО ӘАОО басшысының атына оқуға қайта қабылдау мүмкіндігі туралы анықтама дайындауды және оны ҰҚО ӘАОО Ғылыми кеңесіне қарауға ұсынады.

18. ҰҚО ӘАОО Ғылыми кеңесі тексеру рәсімдерінің он қорытындысы болған және осы Қағидалар 17-тармағының шарттары сақталған кезде ҰҚО ӘАОО жұмыс

жоспарларының пәндері бойынша академиялық қарызды өтеуі туралы шешім қабылдайды.

19. Кандидат академиялық қарызды өтеген кезде ҰҚО ӘАОО бастығының бүйрығымен оқуға қайта қабылданады.

20. Оқудан шығарылған адамды ҰҚО ӘАОО-ға қайта қабылдау ұқсас мамандық бойынша сол курсқа жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарының
әскери, арнаулы оку
орындарына ауыстыру және
қайта қабылдау қағидаларына
қосымша

Нысан

Бекітемін
ҰҚО ӘАОО бастығының
лауазымы

атағы _____ тегі мен аты-жөні (бар болған жағдайда)

20 ____ ж. " ____ "

(кандидаттың лауазымы, арнаулы немесе әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы ҰҚК _____ аусы мүмкіндігі туралы

(Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оку орнының атауы)

ҚОРЫТЫНДЫ

Алдыңғы академиялық кезеңдерде _____ кандидат менгерген жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі

академиялық айырмашылық _____ оқу пәнін құрайды.

| № | Пәннің атауы | Ескертпе |
|---|--------------|----------|
|---|--------------|----------|

ҰҚО ӘАОО кадр қызметінің бастығы: _____ атағы, тегі мен аты-жөні

ҰҚО ӘАОО оқу-әдістемелік бөлімшесінің бастығы: _____ атағы, тегі мен аты-жөні

Корытындымен таныстым: 20 ____ ж. " ____ " қолы _____